

1. Су қоймасының сипатты деңгейлері
 - A) уақытша тежеулі деңгей
 - B) өзгермелі деңгей
 - C) қалыпты тежеулі деңгей
 - D) маусымдық деңгей
 - E) тұрақсыз деңгей
 - F) өлі көлем деңгейі
 - G) лездік деңгей
2. Бөгетсіз суалғыш құрылымдардың каналға суды жеткізу жолдары
 - A) су тастағыш құрылым арқылы
 - B) су өздігінен ағып барады
 - C) тік құламалар көмегімен
 - D) өздігінен ашылатын қақпалар көмегімен
 - E) сорғылармен су көтеру арқылы
 - F) суағарлар орналастыру арқылы
3. Гравитациялық бөгеттерге әсер ететін негізгі күштер
 - A) топырақ тығыздығы
 - B) төбесінің ені
 - C) өзінің салмағы
 - D) сүзілген судың қысымы
 - E) табанының қалыңдығы
 - F) климаттық факторлар
 - G) судың гидростатикалық қысымдары
 - H) табалдырығының өлшемдері
4. Су қойманың батиграфиялық сипаттамалары
 - A) $F=f_2(H)$
 - B) $h=Q/f$
 - C) $H=W/F$
 - D) $L=KH/I$
 - E) $W=QT$
 - F) $F=H/W$
 - G) $W=f_1(H)$
5. Денесінің пішініне байланысты топырақтан соғылған бөгет түрлері
 - A) тегеурінді
 - B) қозғалмалы
 - C) біртексіз
 - D) бетондалған
 - E) дренажды
 - F) бітік емес
 - G) бірқалыпты
 - H) біртекті

6. Су шаруашылығының әртүрлі салалары үшін арнаны реттеудің міндеттері
- A) жауын-шашын әсерін болдырмау
 - B) суды сақтауды арттыру
 - C) жағаларды шайылудан қорғау
 - D) тұнбалардың тасымалдануын реттеу
 - E) су алу жағдайларын жақсарту
 - F) желден қорғау
 - G) суды бөлуді ұлғайту
 - H) суды тазарту
7. Биіктігі орташа гравитациялық бөгеттердің шамасы
- A) 10 – 15 м
 - B) 20 – 50 м
 - C) 25 – 70 м
 - D) 40 – 100 м
 - E) 200 – 300 м
 - F) 150 – 300 м
 - G) 30 – 60 м
 - H) 100 – 150 м
8. Төбесінен су өткізбейтін, топырақтан соғылған бөгеттердің құрамына салынатын су тастағыш құрылымдардың ең көп тараған түрлері
- A) сатылы
 - B) торлы
 - C) ашық орлы
 - D) жабық
 - E) жабық орлы
 - F) тізбектелген
 - G) айналмалы
9. Жабық су тастағыш құрылымдар түрлері
- A) маңдайынан су қабылдайтын
 - B) суды бүйірлей алып кететін
 - C) сифонды
 - D) қисық табалдырықты
 - E) мұнаралы-құбырлы
 - F) ашық орлы
 - G) ожаулы-құбырлы
10. Бөгеттің сүзілуге қарсы элементтерінің орналасуына байланысты жіктеледі
- A) орталық өзекті
 - B) шеткі құлыпты
 - C) қалқанды
 - D) еңісті өзекті
 - E) айналмалы диафрагмалы
 - F) шеткі тісті